



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

БҰРКІТ

коллекциялық монеталарын айналымға шығару туралы

Астана қ.

2022 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) БҰРКІТ коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.

Монеталардың сатылымға түсетін күніне қатысты ақпарат ҚҰБ-тың ресми сайтында қосымша жарияланады.

БҰРКІТ коллекциялық монеталары туралы

Көшпенділер бүркітті батылдық пен қайсарлықты бейнелейтін қасиетті құс ретінде құрметтеді. Бүркіттің қауырсынын көшпенділер керегеге бойтұмар ретінде іліп қойған.

Номиналы 5 000 және 500 теңгелік күмістен, сондай-ақ номиналы 200 және 100 теңгелік мельхиордан жасалған БҰРКІТ монеталары «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясын жалғастырады. Монеталардың дизайны бүркіттің натуралистік және трафареттік бейнелерін «сақтардың аң стилінде» үйлестіру арқылы жасалған.

Номиналы 5000 теңгелік монеталардың бейнесі



Номиналы 500 теңгелік монеталардың бейнесі



Номиналы 200 теңгелік монеталардың бейнесі



Номиналы 100 теңгелік монеталардың бейнесі



Монеталардың сипаттамасы:

Монетаның бет жағындағы (аверсі) орталық бөлігінде ұлттық ою-өрнек ішінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, Қазақстан монета сарайының тауар белгісі және монеталар жасалған металды, олардың сынамасы мен массасын білдіретін жазу орналасқан. Айналыра – QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY және REPUBLIC OF KAZAKHSTAN деген жазуы бар.

Елтаңбаның сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан. Төменгі жағында – монетаның номиналын білдіретін 100 TEŃGE QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN, монеталардың жоғарғы жағында соғылған жылын білдіретін «2022», төменгі бөлігінде монеталардың номиналын білдіретін жазу бар.

Номиналы 5 000 және 500 теңгелік монеталардың сыртқы жағында (реверсінде) – диаметрі 2 мм (5 000 теңге) және 1 мм (500 теңге) гауһар тас орнатылған бүркіттің натуралистік және трафареттік бейнелерінің композициясы, монеталардың жоғарғы бөлігінде BÚRKIT жазуы көрініс тапқан.

Номиналы 200 және 100 теңгелік монеталарда – бүркіттің натуралистік және трафареттік бейнесінің композициясы, монетаның жоғарғы бөлігінде BURKIT жазуы орналасқан. Периметрі бойынша декоративті үлгіде безендірілген кең жиегі бар.

Монеталар:

- 925/1000 сынамалы күмістен, массасы 25 oz (777,5 грамм), диаметрі 100 мм, диаметрі 2 мм бір гауһар орнатылған, proof сапасымен, номиналы 5 000 теңгелік, таралымы 500 дана;

- 925/1000 сынамалы күмістен, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, диаметрі 1 мм бір гауһар орнатылған, proof сапасымен, номиналы 500 теңгелік, таралымы 5 000 дана;

- МН 25 мельхиор қоспасынан, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, proof-like сапасымен, номиналы 200 теңгелік, таралымы 10 000 дана;

- МН 25 мельхиор қоспасынан, массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, brilliant uncirculated сапасымен, номиналы 100 теңгелік, таралымы 30 000 дана жасалған.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнымен төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға жатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық банкінде банк шоттарына есепке алынып, аударылады, ұсақталады және айырбасталады.

Күмістен жасалған BÚRKIT монеталары мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ-тың нөмірлі сапа сертификаттары бар кәдесый орамында шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz